

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҢБАЛАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Талап Кайратович Нурекешов¹

PhD докторы, Alikhan Bokeikhan University «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы; Семей қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: talapzkz@bk.ru

Анор Абайханқызы Мұқашева

Заң ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Конституциялық және азаматтық құқық» кафедрасының профессоры; Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: anarabai@mail.ru

Ерлан Майданулы Айтказин

Құқық магистрі, Alikhan Bokeikhan University «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы; Семей қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: aytkazin1805@mail.ru

Аннотация. Мақала отандық экологиялық сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуының қазіргі саяси және құқықтық аспектілеріне талдау жасауға арналған. Мақала авторлары саланы реформалау үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды егжей-тегжейлі зерделеу, жүйелеу қажет деп санайды, себебі бүгінгі күнге экологиялық таңбалаудың кейбір бағыттары бойынша нақты нормативтік критерийлер жоқ.

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат елімізде экологиялық таңбалау қызметін реттейтін заңнамаға шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы отандық экологиялық сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Мақала барысында Еуропалық Одақ және әлемнің бірқатар дамыған елдеріндегі сәтті тәжірибелер қарастырылады. Оның ішіндегі мұндай таңбалау түрлерін құқықтық қамтамасыз етуге қатысты тәжірибелерге ерекше назар аударылған.

Зерттеу әдістемесі заңнама мен заң әдебиеттеріне шолуды көздейді, ғалымдар мен сарапшылардың пікірлерін талдауды қамтиды, олардың негізінде авторлар ұсыныстар береді, стандарттарды әзірлеудегі тәуекелдер талқыланады.

Талқыланып жатқан жаңа заң жобасын ескере отырып аталған жүйенің елімізде дамуына байланысты болжамдар жасалынған. Органикалық өнімді өндіруге көшу шарттарын, оны өндіруге, айналымына және таңбалауға қойылатын талаптарды қарастыратын, сондай-ақ органикалық өнімдерді есепке алу және қадағалау жүйесі мен оны өндірушілердің бірыңғай тізімін қалыптастыру бастамаларын көздейтін жаңа заң жобасы авторлармен кеңінен талданған.

Авторлардың пікірінше, бүгінгі күнде еліміздегі экологиялық сертификаттау және таңбалау қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру қажеттілігі байқалады. Мұндай зерттеулер заңнаманы жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу үшін ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану қызметін үйлестіру үшін де маңызды. Тақырыптың өзектілігі осы жүйені іске асыру тетігін заңнамалық мүмкіндіктер мен эмпирикалық жағдай тұрғысынан қарастырудан тұрады.

Түйінді сөздер: экологиялық таңбалау, экологиялық сертификаттау, органикалық өнім, экологиялық таза өнім, қоршаған орта, тұтынушы, гринвошинг.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ МАРКИРОВКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Нурекешов Талап Кайратович

Доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин» Alikhan Bokeikhan University; г. Семей, Республика Казахстан; e-mail: talapzk@bk.ru

Мукашева Анор Абайханкызы

Доктор юридических наук, профессор кафедры «Конституционное и гражданское право» Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: anarabai@mail.ru

Айтказин Ерлан Майданулы

Магистр права, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин» Alikhan Bokeikhan University; г. Семей, Республика Казахстан, e-mail: aytkazin1805@mail.ru

Аннотация. *Статья посвящена пристальному анализу современных политических и правовых аспектов развития отечественной системы экологической сертификации и маркировки. Авторами предложены детальное изучение и систематизация действующих правовых норм, так как на сегодняшний день нет четких нормативных критериев по некоторым направлениям экомаркировки.*

Целью исследования является оценка практического применения законодательства, регулирующей деятельность по экологической маркировке в стране, а также анализ возможностей законодательного обеспечения развития отечественной системы экологической сертификации и маркировки в целом.

В статье рассматривается успешный опыт Европейского Союза и ряд других развитых стран мира. Особое внимание было уделено именно вопросам правового обеспечения таких видов маркировок.

Методика исследования предусматривает обзор законодательства и юридической литературы, включает анализ мнений ученых и экспертов, на основе которых авторы дают рекомендации, обсуждают риски при разработке стандартов.

С учетом обсуждаемого нового законопроекта сделаны прогнозы по развитию данной системы в стране. Авторами широко проанализированы новый законопроект, предусматривающий условия перехода к производству органической продукции, требования к ее производству, обороту и маркировке, а также инициативы по формированию системы учета и надзора за органической продукцией и единого списка ее производителей.

По мнению авторов есть необходимость совершенствования законодательства в данной области. Такие исследования важны не только для выработки научно обоснованных рекомендаций по совершенствованию законодательства, но и для координации правоприменительной деятельности. Актуальность темы заключается в рассмотрении механизмов реализации данной системы с точки зрения законодательных возможностей и эмпирического состояния.

Ключевые слова: *экологическая маркировка, экологическая сертификация, органические продукты, экологически чистые продукты, окружающая среда, потребитель, гринвошинг.*

LEGISLATIVE BASES FOR THE DEVELOPMENT OF THE ENVIRONMENTAL LABELING SYSTEM IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Nurekeshov Talap Kairatovich

*PhD, Senior Lecturer of the Department of Civil Law Disciplines
at Alikhan Bokeikhan University; Semey c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: talapz@bk.ru*

Mukasheva Anor Abaykhankyzy

*Doctor of Legal Sciences, Professor of the Department of Constitutional and Civil
Law at Eurasian National University named after L.N. Gumilyov;
Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: anarabai@mail.ru*

Aytkazin Yerlan Maidanuly

*Master of Law, Senior Lecturer of the Department of Civil Law Disciplines at Alikhan
Bokeikhan University; Semey c., Republic of Kazakhstan; e-mail: aytkazin1805@mail.ru*

Abstract. *The article is devoted to a close analysis of modern political and legal aspects of the development of the national Institute of environmental certification and labeling. The authors propose a detailed study and systematization of the current legal norms, since today there are no clear regulatory criteria for some areas of eco-labeling.*

The purpose of the study is to assess the practical application of legislation regulating environmental labeling activities in the country, as well as to analyze the possibilities of legislative support for the development of the national institute of environmental certification and labeling in general.

The article examines the successful experience of the European Union and a number of other developed countries of the world. Particular attention was paid to the issues of legal support for such types of markings.

The research methodology provides a review of legislation and legal literature, includes an analysis of the opinions of scientists and experts, on the basis of which the authors make recommendations, discuss risks in the development of standards.

Taking into account the new draft law under discussion, forecasts have been made for the development of these institutions in the country. The authors have extensively analyzed the new draft law providing for the conditions for the transition to the production of organic products, requirements for its production, turnover and labeling, as well as initiatives to form a system of accounting and supervision of organic products and a single list of its producers.

According to the authors, there is a need to improve legislation in this area. Such studies are important not only for the development of scientifically sound recommendations for improving legislation, but also for the coordination of law enforcement activities. The relevance of the topic lies in considering the mechanism of implementation of this institution from the point of view of legislative possibilities and empirical state.

Keywords: *environmental labeling, environmental certification, organic products, environmentally friendly products, environment, consumer, greenwashing.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_79_4_60

Кіріспе

Экологиялық сертификаттаудың алғашқы түрлері батыс елдерінде жиырмамыншы ғасырдың соңында пайда болды. Оған түрткі болған жағдайларға: қоршаған орта жағдайының нашарлауы, өнеркәсіптің нәтижесіндегі ластануды, адамдардың қолайлы ортада өмір сүруге және «жасыл» тауарларды тұтынуға деген ұмтылысын жатқызуға бо-

лады. Уақыт өте келе тұрақты даму тұжырымдамасы қалыптасты, сонымен бірге тұрақты өндіріс пен тұтыну дамыды. Бұл тұжырымдамалар экологиялық таңбалаудың маңыздылығын айтарлықтай арттырғаны белгілі.

Қазақстан Республикасында экологиялық таңбалаудың құқықтық негізі аз зерттелген. Елімізде жалпы экологиялық сертификаттау

және таңбалау жүйесін теориялық зерттеулердің жетіспеушілігі сезіледі. Саланы реформалау үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды егжей-тегжейлі зерделеу, жүйелеу қажет деп санаймыз.

2015 жылы «Органикалық өнім өндіру туралы» заң қабылданғанына қарамастан, Қазақстанда белгілі бір тауарларға «Есо» немесе «Organic» белгісін берудегі жағдай әлі де түсініксіз қалып отыр. Мәселен, үкімет те, өндірушілер де және көп жағдайда сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын, олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда.

Бүгінгі күнде еліміздегі экологиялық сертификаттау және таңбалау қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру қажеттілігі байқалады және мұндай қажеттілік зерттеу бағытын өзекті етуде. Ағымдағы жылдың 27 наурызында Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» заңды екінші оқылымда оған ілеспе түзетулерімен бірге қабылдады. Негізгі заң органикалық өнімді өндіруге көшу шарттарын, оны өндіруге, айналымына және таңбалауына қойылатын талаптарды қарастырады. Сондай-ақ, органикалық өнімдерді есепке алу және қадағалау жүйесі, оны өндірушілердің бірыңғай тізімі енгізілетін болады. Заңшығарушымен мұндай өзгерістер органикалық өндірісті халықаралық нарықта қалыптасқан стандарт талаптарына сәйкес сертификаттауға мүмкіндік береді деп болжануда.

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат елімізде экологиялық таңбалау қызметін реттейтін заңнамаға шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы отандық экологиялық сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында ақпараттық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің анали-

тикалық әдісі қолданылды. Экологиялық таңбалаумен қатысты зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шет елдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынып, заңнамаларды зерттеу теориялық және жүйелік талдау әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асты.

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасының «Органикалық өнім өндіру туралы» заңы, экологиялық таңбалау қызметін реттейтін заңнамалық база, «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» заңның жобасы, Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасы, экологиялық таза өнімдерді сертификаттау мен таңбалау қызметін реттейтін халықаралық және шет елдердегі ұлттық заңнамалар, оларды зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

Талқылау

Жалпы мағынасында экологиялық таңбалау әртүрлі экологиялық сипаттамалары бар ұқсас өнімдер арасында нормативтік айырмашылығын ажырату құралы деуге болады, мұндай айырмашылықты әртүрлі экологиялық таңбаны тағайындаудан көреміз [1].

Екімыңыншы жылдардың басында алғаш рет елде органикалық өндіріс үшін саяси алғышарттар қалыптаса бастады, Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы Жолдауында агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің назарын әлемде белсенді дамып келе жатқан экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерінің жаңа нарығына аударуды тапсырған болатын². 2015 жылдың 27 қарашадасында «Органикалық өнім өндіру туралы»³ заңның қабылдануы аталған бағытқа жаңа серпін бергендей болды. 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауында Президент Қ.Ж. Тоқаев: «бізде тек елде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін айтарлықтай әлеует бар» - деп атап өтті⁴. Сондай-ақ, Қазақстан үшін экологиялық таза өнімдер нарығын дамыту басым бағыт екендігі «Қазақстан –

² Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentii-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2007-zhylgy-28-akpan (жүзінген күні: 01.03.2024).

³ «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z150000423> (жүзінген күні: 01.03.2024).

⁴ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy (жүзінген күні: 01.03.2024).

2050» Стратегиясында⁵, «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасында⁶ және агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұжырымдамасында⁷ көрсетілген.

Бүгінгі күнде Қазақстанда тауарларды қадағалау үшін таңбалауды енгізу тауарларды ЕАЭО-да сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы Келісім⁸, сондай-ақ 2019 жылы қолданысқа енген «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы⁹ шеңберінде жүргізілуде. Бұл жалпы таңбалауға арналған нормативтерді қамтитын құжаттар.

2015 жылдың 27 қарашадасында «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының №423-V Заңы қабылданды. Заң ауыл шаруашылығы өнімі мен шикізатын органикалық өндірудің, өңдеудің, сертификаттаудың, қаптаудың, тасымалдаудың, сақтау мен өткізудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Заңның неізгі әлеуеті ресурстарды ұтымды пайдалануға, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға, саланы мемлекеттік реттеу, сондай-ақ органикалық деп белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарының сапасын арттыру кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңға сәйкес органикалық өнімдерге: ауыл шаруашылығы өнімдері, балық шаруашылығы өнімдері, жабайы өсімдіктерден алынатын өнімдер және оларды қайта өңдеу

өнімдері, оның ішінде заң талаптарына сәйкес өндірілген тамақ өнімдері жатады¹⁰.

«Органикалық өнім өндіру туралы» заң органикалық сертификаттау органдарына қойылатын талаптарды реттемейді. Органикалық өндірістегі сертификаттау тәртібі техникалық реттеу және стандарттау туралы заңнамаға сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартында айқындалған.

Органикалық өнімге немесе оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптар органикалық өнімді өндіру мен оның айналымы қағидаларында белгіленеді. Органикалық өнім өндіру кезінде өндірушілер технологиялық немесе зоотехникалық қажеттілік жағдайында немесе диеталық мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат етілген тағамдық және жем-шөп қоспаларын қолдануда қойылған талаптарды сақтауға міндетті. Сәйкестік сертификатымен расталатын органикалық өнім мен өндірістің сәйкестігін растау ерікті негізде жүргізіледі [2, 28-30 б.].

Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келесі нормативті құжаттар әзірленді:

1. Органикалық өнім өндірушілердің тізілімін жүргізу ережесі¹¹.
2. Органикалық өнімдерді өндіру және айналым ережесі¹².
3. Органикалық өнім өндіру кезінде қолданылатын, рұқсат етілген құралдар тізімі¹³.

⁵ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyyn-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza (жүзінген күні: 05.03.2024).

⁶ «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577> (жүзінген күні: 11.03.2024).

⁷ «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (жүзінген күні: 15.03.2024).

⁸ Соглашение о маркировке товаров средствами идентификации в Евразийском экономическом союзе (г. Алматы, 2 февраля 2018 года) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36914263&pos=2;-45#pos=2;-45 (жүзінген күні: 15.03.2024).

⁹ «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544> (жүзінген күні: 15.03.2024).

¹⁰ «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (жүзінген күні: 20.03.2024).

¹¹ «Органикалық өнім өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 1-3/1102 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012890> (жүзінген күні: 25.03.2024).

¹² «Органикалық өнім өндіру мен оның айналымы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 230 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013875> (жүзінген күні: 25.03.2024).

¹³ «Органикалық өнім өндіру кезінде қолданылатын, рұқсат етілген құралдар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 231 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013836> (жүзінген күні: 25.03.2024).

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста болған үш стандарттың екеуінің ағымдағы жылы күші жойылып, үшіншісінің орнына ҚР СТ 3111-2023 «Өнімдер органикалық. Өндіріс, қайта өңдеу, таңбалау және сату процесіне қойылатын талаптар»¹⁴ қабылданды.

Бүгінгі күнде шығарылатын өндіріс қалдықтарының көлеміне қарап, өндіру және тұтынудың қоршаған ортаға әсер етуі өте жоғары екенін көреміз. Осы тұрғыдан алғанда экологиялық таңбалау стандарттары кәсіпорындарға өндірістік процестерді қауіпсіз етуге, тауарларды өндіруге қатысатын ресурстарды ұтымды пайдалануға және халық үшін қауіпсіз өнімдерді өндіруге көмектеседі. Экологиялық таза өнімдердің пайдасына таңдау жасау энергияны тұтыну, химиялық заттарды пайдалану, биоәртүрлілік сияқты экологиялық аспектілерге оң әсер етеді және экосертификатталған тауарларды дәстүрлі тауарларға қарағанда көбірек өндіру қоршаған ортаға кері әсердің төмендеуіне кепілдік береді. Мысалы, «Есо» таңбасы арнайы рәсім бойынша 3 саатылы сараптамадан өткен өнімге сараптама қойған шарттардың орындалуын міндетті жүйелі тексеріп отыру негізінде белгілі бір мерзімге беріледі. «Есо» тауар белгісін берудің мұндай жүйесі осы таңбалауды сатып алуды да, қолдан жасауды да болдырмауға бағытталған¹⁵. «Есо» белгісінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің №24349 тауар белгісінің куәлігі бар.

Іс жүзінде барлық қазақстандық органикалық өнімдер экспортқа шығарылады, сәйкесінше шетелдік стандарттарға сәйкестігіне сертификатталады. Экспорттың негізгі елдері - Еуропалық Одақ, АҚШ, Қытай, Ресей және Украина. Статистикалық деректерге сәйкес Қазақстан Еуропалық Одақтағы органикалық өнімнің жетекші экспорттаушыларының ондығына кіреді. Еуропалық Одаққа экспортталатын негізгі өнімдер: бидай, күнбағыс, майлы дақылдар және соя¹⁶.

Ағымдағы жылдың 27 наурызында Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Органикалық өнім өндіру және оның

айналымы туралы» заң жобасын екінші оқылымда оған ілеспе түзетулерімен қабылдады. Негізгі заң органикалық өнімді өндіруге көшу шарттарын, оны өндіруге, айналымына және таңбалануына қойылатын талаптарды қарастырады. Сондай-ақ, органикалық өнімдерді есепке алу және қадағалау жүйесі, оны өндірушілердің бірыңғай тізімі енгізілетін болады. Заңшығарушымен мұндай өзгерістер органикалық өндірісті халықаралық нарықта қалыптасқан стандарт талаптарына сәйкес сертификаттауға мүмкіндік береді деп болжануда. Сонымен қатар, сертификаттау объектілерінен органикалық өнімдер алынып тасталады, ендігі тек өндіріс процесі сертификатталатын болады.

Тағы бір жаңашылдық ретінде органикалық өнімді шекара арқылы өткізу кезінде бақылау енгізілуде. Заң жобасын ұсынушылардың пікірінше мұндай бақылау тұтынушылардың құқықтары мен халықтың денсаулығын қорғауға, талаптарға сәйкес келмейтін өнім айналымының жолын кесуге және отандық органикалық өнім өндірушілерді жалған таңбалауға байланысты азаматтарымызды жаңылыстыратын импорттаушылар тарапынан жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға ықпал ететін болады.

Ілеспе түзетулердің бірі ретінде сәйкестік сертификаты құнының 50% субсидиялау және органикалық тыңайтқыштарды субсидиялау қосылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулермен әкімдіктерде бақылаудың тиісті функцияларын алып тастауға байланысты органикалық өнім өндіру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік алынып тасталады. Бұл ретте органикалық өнімді өндіруді бақылау және оның айналымы жөніндегі қызметті қадағалау оларда қалмайды. Ендігі кезекте мұндай функцияны сәйкестікті растау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөніндегі органдар жүзеге асыратын болады¹⁷.

Е.В. Климовтың пікірінше: «Қазақстанда нормативтік-құқықтық база дамудың белсенді кезеңінде. Ұлттық органикалық стандарттар бойынша сертификатталған өндірушілер аз. Алайда, елде сертификаттау жүйелерін

¹⁴ СТ РК 3111-2023 «Продукция органическая. Требования к процессу производства, переработке, маркировке и реализации». // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38691665&pos=3;-108#pos=3;-108 (жүзінген күні: 25.03.2024)

¹⁵ «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (жүзінген күні: 20.03.2024).

¹⁶ Рустамов Ж., Киришнер К., Катто-Андригетто Д. Анализ существующего положения дел институциональной и законодательной базы. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://agrardialog-kaz.de/wp-content/uploads/2021/03/statusquo-organic-report_ru_fin.pdf (жүзінген күні: 29.03.2024)

¹⁷ Мәжіліс принял закон «О производстве и обороте органической продукции» во втором чтении. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id52224/1/1> (жүзінген күні: 30.03.2024)

дамыту үшін нақты белгіленген саяси ерік-жігер бар, оның ішінде өндірушілер тобын ішкі бақылау жүйесі негізінде сертификаттау көзделуде. Мұндай талпыныстардың болуы алдағы бірнеше жылда отандық органикалық секторда оң өзгерістерді болжауға негіз болуда» [2, 28-30 б.].

Қазақстандық органикалық өнім нарығын зерттеуге арнаған еңбектерінде Ш.Е. Альпеисова, Р.А. Қарабасов және Р.С. Беспаетова заңнамадағы терминдер мен түсініктердің мәселелеріне мән берген. Авторлардың пікірінше заңнамадағы терминдердің көптігі және олардың бағыттарының бұлыңғырлығы тұтынушыларды адастыруда: олар органикалық, экологиялық және биологиялық өнімдерге әртүрлі талаптар бар екенін біле бермейді немесе түсінбейді. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың көңіл-күйін әділетсіз манипуляциялауға негіз болады және қоғамда органикалық өнімдерге деген теріс көзқарастың қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Қазақстандық терминологияда тек «органикалық өнімдер», «органикалық тамақ өнімдері», «экологиялық таза тамақ өнімдері» кеңінен қолданылады. Ал «Bio» өнім белгісі Қазақстанның ішкі нарығындағы тамақ өнімдерінің атауларында әртүрлі приставкалар мен толықтырулар түрінде кездеседі. Мысалы, «Табиғи», «Фермер», «Bio» және басқалар. Соңғы приставканы («Bio») заңнамалық түрде ЕАЭО аумағында шығарылатын сүт өнімдерінің атауларында ғана пайдалануға рұқсат етілген [3].

Саланың маманы, сарапшы Р. Жазыкбаеваның пікірінше елімізде органикалық өнімнің ішкі нарығы әзірге нашар дамыған, бірақ оны дамыту үшін үлкен әлеует бар, әсіресе ірі қалаларда. Органикалық өндіріс тұжырымдамасы еліміз үшін жаңа және халыққа өндіріс критерийлері, органикалық өнімнің артықшылықтары және оны таңбалау ережелері туралы жеткілікті ақпарат жетпеуде. Осыған байланысты «жасыл» өнім белгілерін негізсіз таққан өнімдерді сату қауіпі артуда, бұл әрекеттер әлемде «гринвошинг» (ағылш. greenwashing, whitewash-қа ұқсас – «ағарту», кейде «жасыл камуфляж») деп аталынып кеткен¹⁸.

Ұлттық аккредиттеу орталығының сарапшылары да Қазақстанда гринвошинг трендінің белең алып бара жатқанын атауда. Сертификатталмағанына немесе тауардың экологиялық таза екендігі дәлелденбегеніне қарамастан компаниялар өз өнімдерінің сыртқы қаптамасына «Bio» немесе «Organic» жапсырмаларын жабыстырулары көбейіп кеткен¹⁹.

Р. Жазыкбаеваның пікірінше экологиялық сертификаттауды белсенді қолдана бастау үшін қолданыстағы заңнамалық база жеткіліксіз, сонымен қатар бірқатар ұйымдастырушылық және қаржылық шаралар кешені қабылдануы тиіс. Өндірушілер сертификаттаумен байланысты шығыстарды еңсеру үшін, сондай-ақ химиялық құралдар мен стимуляторлардан бас тартуға байланысты өндіріс көлемі төмендеген өтпелі кезеңде қолдау үшін мемлекет тарапынан субсидиялар қарастырылуы қажет деп санайды автор²⁰. Бұл жерде атай кету керек, талқыланып жатқан жаңа заң жобасында экологиялық сертификаттауды субсидиялау көзделініп отыр. Заң жобасында сәйкестік сертификаты құнының 50%-н және органикалық тыңайтқыштарды субсидиялау көзделген.

Тағы бір ескеретін жағдай, батыс елдерінде болашақта маңызды болуы мүмкін тағы бір үрдіс пайда болуда. Ол елдерде экологиялық таза өнім өндіруді қоғамдық денсаулық сақтау қажеттіліктерімен қатар қарастыра орырып олардың заңнамаларын үйлестіруге, ортақ және бірыңғай құқықтық негіздерін қалыптастыруға әрекеттер жасалынууда [4]. Мұндай саясаттың маңызы зор және болашақта ауқымы кеңейе түседі деп сенеміз. Ол үшін мұндай бастамалар халықаралық деңгейде қолдау тауып, салауатты өмір салтын және экологиялық таза азық-түлікті өндіру мен тұтынуды насихаттау үшін әлемдік қауымдастықтың күш-жігері бірігуі тиіс.

Шет елдердегі қалыптасқан жағдайға келетін болсақ, зерттеу бағытындағы ең озық тәжірибелер, әрине, батыс елдеріне тиесілі. Оның ішінде Еуропалық Одақтың тәжірибесі сәтті деп бағалауға болады.

Еуропалық Одақ деңгейіндегі органикалық өнімдерді өндіру мен таңбалауды реттейтін алғашқы құжаттар 1991 жылы қабыл-

¹⁸ Жазыкбаева Р. Регулирование производства, маркировки и сертификации органических продуктов в законодательстве Республики Казахстан. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://www.aequitas.kz/upload/files/publications/2022/270422_markirovka_kazakhstan_organic_product_new.pdf (жүзінген күні: 01.04.2024)

¹⁹ Переход к экосертификации продуктов в РК затрудняет высокая стоимость органического сельского хозяйства / Первый евразийский деловой журнал «Бизнес-Мир Казахстана». – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://businessmir.kz/2023/01/31/perehod-k-ekosertifikatsii-produktov-v-rk/> (жүзінген күні: 03.04.2024)

²⁰ Жазыкбаева Р. Регулирование производства, маркировки и сертификации органических продуктов в законодательстве Республики Казахстан. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://www.aequitas.kz/upload/files/publications/2022/270422_markirovka_kazakhstan_organic_product_new.pdf (жүзінген күні: 01.04.2024)

данды. 2023 жылы Еуропалық комиссияның 834/2007²¹ және 889/2008²² қайта қаралған ережелері, сондай-ақ 2018 жылғы 30 мамырдағы Еуропалық Одақтың 2018/848²³ жаңа органикалық регламенті қабылданды. Бұл саясат пайдалы тағамдарды өндіруге, атап айтқанда Еуропадағы органикалық өнімдерді таңбалауға қойылатын негізгі талаптарды сипаттайды. Заңнамада экологиялық таза өнім көптеген терминдермен белгіленеді, мысалы, органикалық тағамдар, экологиялық тағамдар, биологиялық тағамдар, сондай-ақ олардың «био» немесе «эко» сияқты қысқартылған атаулары да бекітілген. Мұндай атаулар өндірудің барлық кезеңдерінде органикалық стандарттарды сақтай отырып жасалатын тамақ өнімдері мен сусындарға беріледі. Еуропалық стандарттар ретінде танылған экологиялық таза өнімдер көбінесе «Euro-leaf» (Еуро парағы) деп аталатын белгімен белгіленеді.

Алайда, экологиялық таза өнім өндіру ережелері қызмет көрсету еліне және сертификаттау схемасына байланысты өзгереді. Мемлекеттердегі сертификаттау ұйымдарының көлемі жеткілікті. Мысалы, Германияда 17 биосертификаттау ұйымы болса, 2022 жылғы жағдай бойынша Испанияда 46 ұйым жұмыс істеп тұрған.

Қалай дегенмен де, бұл елдерде де мәселелер жоқ емес. Шетелдік ғалымдармен жүргізілген арнайы зерттеулер барысында алынған деректерге сүйенсек, салыстырмалы түрде дамыған экономикалар қатарына жататын Германия, Чехия және Канаданың өзінде экологиялық өнім өндіру ережелерін бұзушылықтар орын алуда. Зерттеу барысында сауалнамаға қатысқандардың Германияда - 25%, Чехияда - 33% және Канада - 48% экологиялық өнім өндіру кезінде барлық ережелер сақтала бермейтіндігін атаған. Деректерге сәйкес Канадада азаматтардың өздері хабарлаған ықтимал бұзушылықтардың ең жоғары 48% көрсетілген. Мұндай жоғары көрсеткіштің болуы Канададағы сертификаттаудың үлкен аумағы мен бақылаудың қиындығымен және Еуропа елдерімен салыстырғанда экологиялық таза өндіріске қатысты заңнаманың өзгешелігімен байланысты болуы мүмкін [5].

Еуропадан тыс әлемнің бірқатар мемлекеттерінде экологиялық таңбалау кеңінен қолданылуда. Олардың ішіндегі ең танылғандарына келесілерді жатқызуға болады:

- Қытай ұлттық бағдарламасы. 50 000 астам өнімге экологиялық таңба берілген, таңбалаудың 97-ден астам стандарты әзірленген. Бұл таңбалау түрлері I типке сәйкес келеді.

- Жапондық «EcoMark» (Экобелгі) экологиялық таңбалау жүйесі 56 өнім түріне арналған стандарттарды және 5200 тауар түріне арналған сертификаттарды қамтиды. Бұл таңбалау I типке сәйкес келеді, бағдарламада қоршаған ортаға өндірістік қызмет нәтижесінде келтірілген зиянды азайтуға және қалдықтарды қауіпсіз жоюға ықпал ететін өнімді экологиялық таңбалаудың дамыған жүйесі бар. Бағдарлама қайта өңделген өнімдерді пайдалануды және жаңартылмайтын ресурстарды тұтынуды шектеуді ынталандырады. Экологиялық таңбалау тоқыма бұйымдарын, оның ішінде қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдардың нарығын дамытуға қолдау ретінде құрылған болатын.

- Солтүстік Американың «Green Seal» (Жасыл мөр) деп аталынатын I типті таңбалау бағдарламасы. Бағдарламаға сәйкес 32 стандарт әзірленген. Тауарлардың 3800-ден астам түріне экологиялық таңбалар берілуде.

- Канадалық экологиялық бағдарлама - 76 критериді қамтиды және 10000-нан астам өнім түрлеріне қолданылуда. Мемлекетте қоршаған ортаға зиянды азайту мен қауіпсіз жоюға ықпал ететін өнімдерді таңбалаудың дамыған жүйесі бар [6].

Ал халықаралық деңгейге келетін болсақ, экологиялық таңбалауды қолдану алғашқы рет 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі Дүниежүзілік конференциясында ұсынылды. Бас құжатта елдердің үкіметтері өнеркәсіптік сектормен ынтымақтастықта тауарлар мен қызметтердің экологиялық таңбалауын енгізу және тарату мақсаты болып табылатын ақпараттық бағдарламаларды дамытуға және кеңейтуге жәрдемдесу, сондай-ақ, сатып алушыда экологиялық таза өнім мен ондай болып табылмайтын өнім

²¹ Council Regulation (EC) No 834/2007 of 28 June 2007 on organic production and labelling of organic products and repealing Regulation (EEC) No 2092/91. // <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2007/834/oj> (жүзінген күні: 03.04.2024).

²² Commission Regulation (EC) No 889/2008 of 5 September 2008 laying down detailed rules for the implementation of Council Regulation (EC) No 834/2007 on organic production and labelling of organic products with regard to organic production, labelling and control. // <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2008/889/oj> (жүзінген күні: 03.04.2024).

²³ Regulation (EU) 2018/848 of the European Parliament and of the Council of 30 May 2018 on organic production and labelling of organic products and repealing Council Regulation (EC) No 834/2007. // <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2018/848/oj> (жүзінген күні: 03.04.2024).

арасында таңдау мүмкіндігін жасау үшін өнімнің экологиялық сипаттамаларын көрсететін ақпаратты таратуға жәрдемдесу қажет екендігі айтылған [7].

Қазіргі уақытта экологиялық таңбалау халықаралық сауданың қарқынды дамуының арқасында кеңінен таралуда. Экологиялық таңбалау жүйесін дамыту Дүниежүзілік сауда ұйымының сауда және қоршаған ортаны қорғау комитетінде күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде қойылған. Дүниежүзілік Банктің да рөлін оң бағалауға болады, мұндағы талаптар экологиялық және әлеуметтік жұмыстарды қолдау бағдарламасына енгізілген.

Экологиялық таңбалау «жасыл» мемлекеттік сатып алуды дамытуда да оң әсер етуде. Мұндай таңбалаудың болуы мемлекеттік сатып алу саласын реформалау үшін сөзсіз қажет элемент болып табылады [8]. Осы контекстте экологиялық таңбалаудың дамуына оң әсер бергендердің қатарына: «Environmental Choice» (Экологиялық таңдау) канадалық экологиялық таңбалау жүйесі, жапондық «Eco-Mark» (Экобелгі) экологиялық бағдарламасын және американдық «Green Seal» (Жасыл мөр) атауға болады [6].

Ұлттық заңнаманы жетілдірумен қатар Қазақстан ЕАЭО шеңберінде органикалық заңнаманы ортақ үйлестіру процесіне тартылған. 2021 жылғы желтоқсанда ЕАЭО елдерінің органикалық өнімнің ортақ нарығын дамыту жөніндегі жол картасы қабылданды. Келісімнің негізгі ережелерінің бірі ЕАЭО-ның жалпы нарығында өнімді сертификаттауды өзара тану мақсатында мүше-мемлекеттердің органикалық өнімдерін өндіруге және таңбалауға қойылатын талаптарды бірыңғай тәртіпке келтіруге арналған.

2022 жылдан бері мүше елдер үшін ортақ болуы тиіс «Органикалық өндіріс өнімі» (ККМ 557) стандарты талқылануда. ЕАЭО кіретін елдермен органикалық өнімдерді сату бойынша бірыңғай нарық құру бағытында белсенді жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі геосаяси дағдарыс аймақтағы интеграциялық процестерге әсер ететіні сөзсіз, дегенмен, саяси бағыт сақталуда.

Нәтижелер

Қазіргі уақытта бар қазақстандық органикалық өнімдер экспортқа шығарылуда. Ішкі нарық әзірге нашар дамыған, бірақ оны дамыту үшін үлкен әлеует бар, әсіресе ірі қалаларда. Органикалық өндіріс тұжырымдамасы еліміз үшін жаңа және халыққа өндіріс критерийлері, органикалық өнімнің

артықшылықтары және оны таңбалау ережелері туралы жеткілікті ақпарат жетпеуде.

Заңнамада терминдер мен түсініктерді ажыратуға байланысты мәселелер бар. Жоғарыда талқыланған авторлардың терминдердің көптігіне байланысты тұтынушыларда қиындықтар туындауына қатысты пікірлермен келісеміз. Көпшілік органикалық, экологиялық және биологиялық өнімдерге әртүрлі талаптар бар екенін біле бермейді немесе түсінбейді, ал елде оны кәсіби түсіндіру мен мониторинг жүргізуші субъект белгіленбеген. Бұл өз кезегінде тұтынушы үшін қиындық туғызып, органикалық өнімдерге деген теріс көзқарастың қалыптасуына әсер етуде. Қазақстандық терминологияда тек «органикалық өнімдер», «органикалық тамақ өнімдері», «экологиялық таза тамақ өнімдері» кеңінен қолданылады. Ал «Bio» өнім белгісі Қазақстанның ішкі нарығындағы тамақ өнімдерінің атауларында әртүрлі приставкалар мен толықтырулар түрінде кездеседі.

Импорттық және отандық тауарлардың арасында гринвошинг әрекеттерінің өршуі кезінде «Organic», «Bio» немесе «Eco» сертификаттарын алу іс жүзінде қазақстандық өндірушіге ешқандай артықшылық бермейтін жағдай қалыптасқан. Себебі тұтынушы мұндай өнімнің шын мәнінде экологиялық таза жолмен өндірілгенін анықтай алмайды, тиісінше мұндай белгілерге сенбейді. Қазақстанда да, ЕАЭО шеңберінде де «жасыл» өндірушілердің ортақ тізімі қарастырылмаған. Ал елдегі мемлекеттік органдар іс жүзінде дәрменсіз күйге түскен, себебі бірде-бір мемлекеттік компания экологиялық таңбалаудың сәйкестігін тексерумен айналыспайды немесе бақыламайды.

Қазақстанда экологиялық таза тауарларға сұраныс қарапайым сатып алушылар деңгейінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік деңгейде де өсуі байқалады. Бүгінгі таңда көптеген елдерде «жасыл» мемлекеттік сатып алу тәжірибесі дамыған, ендігі кезекте экологиялық таңбаның болуы тендерлер мен конкурстарға қатысушылар үшін де маңызды артықшылық болып табылады. Қазақстан да мұндай үрдістен қалыс қалмауда. Заңшығарушы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасын талқылауда, оған сәйкес мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алуларына экологиялық талаптарды енгізу жоспарлануда. Олардың ішінде қайта өңделген шикізатты пайдалану және тауарлар өндірісінде табиғи ресурстарды үнемдеу, өнімнің

расталған «жасыл» таңбалануы, қалдықтарды қайта өңдеудің жоғары дәрежесі және тағы басқалары бар.

Сондықтан, «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның қабылдануы экологиялық таңбалауға деген мемлекет ішіндегі сұранысты арттырып, отандық жүйенің дамуына жаңа серпін беруі тиіс деп санаймыз.

Қорытынды

Елде экологиялық таңбалау түрлерін белсенді қолдану үшін заңнаманың қолданыстағы базасы жеткіліксіз деп санаймыз, нормативтердің іс жүзінде қолданыла бастауы үшін қажет өзгерістер сұрануда. Сонымен қатар бірқатар ұйымдастырушылық және қаржылық шаралар кешені қабылдануы қажет болып отыр.

Е.В. Климов атап өткендей, Қазақстанда нормативтік-құқықтық база дамудың белсенді кезеңінде, елде сертификаттау жүйелерін дамыту үшін нақты белгіленген саяси ерік-жігер бар. Мұндай саясатты жүзеге асыру үшін, отандық экологиялық таңбалау жүйесін реттейтін заңнаманы жетілдіру мен бақылау механизмдерінің іс жүзінде тиімді жұмыс істеуі үшін қажет келесідей ұсыныстарды ескеру маңызды деп санаймыз:

1. Көптеген елдерде экологиялық таза өнімдерді тексеру үшін қолданылатын үшінші тараптың сертификаттауы түріндегі бір балама құралы бар, ал қолданыстағы отандық заңнамада осындай нормаларды қарастырмайды. Тиісті ережелердің болмауы сертификаттау және экологиялық таңбалау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне кедергі болып отыр және Қазақстанда PGS сияқты кем дегенде бір сертификаттауды қабылдау ұсынылады. PGS - бұл жергілікті деңгейге бағытталған сапаны қамтамасыз ету жүйесі. Ол өзара сенім қағидасы мен білім алмасуды басшылыққа ала отырып жұмыс істейтін болады және өндірушілерді мүдделі тараптардың белсенді қатысуымен сертификаттайды.

2. Заңдағы терминдерге қатысты түсініксіздер жойылуы тиіс. Таңба белгілері мен қолданылатын ажырату терминдерінің нақты анықтамасы органикалық өнімдердің өндірісі мен айналымын реттеуге арналған негізгі заңда берілуі тиіс.

3. Жоғарыда атап өткендей, гринвошинг әрекеттерінің өршуі кезінде «Organic», «Bio» немесе «Eco» сертификаттарын алу іс жүзінде қазақстандық өндірушіге ешқандай артықшылық бермейтін жағдай қалыптасты,

себебі, тұтынушы мұндай белгілердің шын мәнінде органикалық өнімге тағылғанын анықтай алмауда, тиісінше мұндай белгілерге деген сенім төмен. Қазақстанда да, ЕАЭО шеңберінде де «жасыл» өндірушілердің ортақ тізімі қарастырылмаған. Ал елдегі мемлекеттік органдар іс жүзінде дәрменсіз күйге түскен, себебі бірде-бір мемлекеттік компания экологиялық таңбалаудың сәйкестігін тексермейді немесе бақыламайды.

Аталған мәселелер шешімін табуы тиіс, Қазақстан бойынша ортақ «жасыл» компаниялардың тізімі енгізілген база болуы қажет деп санаймыз. Оған жауапты, таңбалаудың сәйкестігін тексеріп отыратын немесе бақылайтын субъект анықталуы қажет. Гринвошинг мәселесіне қарсы тұратын шаралар жоспары қабылдануы тиіс.

4. Кәсіпорындардың органикалық немесе экологиялық таза өндіріске көшу процесі экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да барынша ыңғайлы және тиімді болуы үшін мемлекеттік сектор бизнеске барлық өндірістік және сертификаттау процестерін жолға қою мәселелерінде жан-жақты көмектесуі тиіс. Субсидиялар, жеңілдіктер қарастырылуы керек, бюрократиялық кедергілер азаюы қажет. Сондай жағдайда ғана Қазақстанда «Eco», «Bio» және «Organic» таңбалары бар табиғи өнімдердің саны артуы мүмкін.

5. «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның қабылдануы да маңызды деп санаймыз. Онда көзделген мемлекеттік сатып алуғағы экологиялық талаптардың күшіне енуі экологиялық таңбалауға деген сұранысты арттыратын болады.

Органикалық өнімді өндіру мен таратуға қатысты талқыланып жатқан жаңа заңның қабылдануы елімізде осы бағытты реттейтін қосымша ережелер мен стандарттарды қайта қарауды қажет етері сөзсіз. Негізгі заңдағы жаңашылдықтың аз еместігін ескеретін болсақ мұндай өзгерістердің күрделі болатыны күмән тудырмайды. Ал мұндай стандарттарды әзірлеудегі басты тәуекел - критерийлердің елдегі қалыптасқан жағдайды ескермеуі себебінен іс жүзінде қолданылмауы деп санаймыз. Бұған жол бермеу үшін стандарттарды әзірлеуде елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайы мен технологиялық даму деңгейін ескеру қажет, зерттеушілер мен сарапшылар және салалық ұйымдар тарапынан берілетін ұсыныстарға мән берілуі маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Du M. *Voluntary Ecolabels in International Trade Law: A Case Study of the EU Ecolabel*. // *Journal of Environmental Law*. Vol. 33, Issue 1 – 2021 – pp. 167-193.
2. Климов Е.В. *Обзор законодательства по сертификации групп малых и средних органических сельхозпроизводителей центральной Азии*. – Алматы: KAZFOAM. – 2021. – 48 с.
3. Альпеисова Ш.Е., Қарабасов Р.А., Беспаева Р.С. *Қазақстандық органикалық өнім нарығы: бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мәселелері*. // *Аграрлық нарық проблемалары*. № 4 – 2022. – 78-85 б.
4. Seufert V., Ramankutty N., Mayerhofer T. *What is this thing called organic? – How organic farming is codified in regulations*. // *Food Policy*. Vol. 68 – 2017. – pp. 167-193.
5. Kononets Y., Konvalina P., Bartos P., Smetana P. *The evolution of organic food certification*. // *Frontiers in Sustainable Food Systems*. Vol. 7 – 2023. – pp. 1-16.
6. Казанцева А. Н., Маликова О.И. *Экологическая маркировка как инструмент перехода к устойчивому развитию*. // *Инновационная экономика*. №4 (210) – 2016. – С. 71-75.
7. Basu A., Chau N., Grote U. *Eco-Labeling and Stages of Development*. // *Review of Development Economics*. Vol. 7 – 2003. – pp. 228-247.
8. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М. *Қазақстан Республикасындағы «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті сұрақтары*. // *Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы*. №3 (29) – 2023. – 18-28 б.

REFERENCES

1. Du M. *Voluntary Ecolabels in International Trade Law: A Case Study of the EU Ecolabel*. // *Journal of Environmental Law*. Vol. 33, Issue 1 – 2021. – pp. 167-193.
2. Klimov E.V. *Obzor zakonodatel'stva po sertifikacii grupp malyh i srednih organicheskikh sel'hozproizvoditelej central'noj Azii*. – *Almaty: KAZFOAM*. – 2021. – 48 s.
3. Al'peisova Sh.E., Karabasov R.A., Bespaeva R.S. *Kazakstandyk organikal'nyk onim narygy: basekege kabiletilikti kamtamasyz etu maseleleri*. // *Agrarlyk naryk problemalary*. № 4 – 2022. – 78-85 b.
4. Seufert V., Ramankutty N., Mayerhofer T. *What is this thing called organic? – How organic farming is codified in regulations*. // *Food Policy*. Vol. 68 – 2017. – pp. 167-193
5. Kononets Y., Konvalina P., Bartos P., Smetana P. *The evolution of organic food certification*. // *Frontiers in Sustainable Food Systems*. Vol. 7 – 2023. – pp. 1-16
6. Kazanceva A. N., Malikova O.I. *Jekologicheskaja markirovka kak instrument perehoda k ustojchivomu razvitiju*. // *Innovacionnaja jekonomika*. №4 (210) – 2016. – S. 71-75
7. Basu A., Chau N., Grote U. *Eco-Labeling and Stages of Development*. // *Review of Development Economics*. Vol. 7 – 2003. – pp. 228-247
8. Ibragimova F.G., Ajtkazin E.M. *Kazakstan Respublikasyndagy «zhasyl» memlekettik satyp alu institutynyn damuyn zannamalyk kamtamasyz etudin ozekti syraktary*. // *Kykyk korgau organdary akademijasynyn zharshysy*. №3 (29) – 2023. – 18-28 b.